

**Мактаарал ауданы білім бөлімінің «Демеу» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

**Өндірістік кеңестің**

**№1 Хатттамасы**

**26.08.2022ж**

**Катысқандар: -18**

**Күн тәртібінде:**

1. Откен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау жұмысын жалғастыру.
3. Қамқоршылық кеңес жоспарын құру.
4. Балалар өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.
5. Ішкі еңбек тәртібі туралы.

**1. ТЫНДАЛДЫ:** Балабақша менгерушісі Ш.Касымова бірінші мәселе бойынша сөз алды. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту үшін түрлі іс-шаралар жасалып, спорттық сайыстар, ауа күн, сумен жасалатын жаттығуларды мейірбикемен бірлесіп өткізілді.

**2. ТЫНДАЛДЫ:** екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Ш.Касымова сөз алды. Жаңа оқу жылына топтарды стандарт талаптарына сай етіп жабдықтау керек екені жөнінде айтып өтті. Балабақшамызда жұмыс жасап отырған 3 топты талапқа сай етіп толықтырудамыз.. «Көгершін» тобына жаңадан үстел, орындықтар, сөрелер алғынып жаңартылды. Ересек «Қарлығаш» тобына балалар жазда ойнайтын саяжай тапшаны салынып берілді.

**3. Ушінші мәселе бойынша б/б менгерушісі Ш.Касымова сөз сөйлемді. Ол өз сезінде «Білім беру ұйымындағы қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту туралы» 2018 жылғы 8 қазандағы №38-н/н санды бұйрығымен білім ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілгені өздерінізге мәлім. 2022-23 жылдағы қамқоршылық кеңес мүшелерін атап өтті. Бірлесе отырып құрған жылдық жоспармен таныстырып өтті.**

**4. Төртінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Ш.Угланова сөз алды. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау үшін біз өзіміз қауіпсіздік ережелерін сақтап, баланың көңіл-күйіне, денсаулығына назар аударып отыруымыз керек. Таңертен қабылданап алғанда баланың тазалығы мен температурасын өлшеп, денінің саулығына көңіл бөлу керек деді.**

Балабақша әдіскері Б.Маликова сөз алышп, балаларға арналған қауіпсіздік ережелерімен таныстырыды. Серуенде жүргенде, балабақшаның баспалдактарынан түсіл, мінгенде, бөлмедегі электр құралдарына мұқият қарап, балаларды жалғыз тастанмау, бала өмірі мен денсаулығына жауапты екенімізді, баланы таңертен қабылданап алғанда ата-анамен үнемі сұқбаттасып отыру жайлы айтып өтті.

5. Бесінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Ш.Касымова қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібімен таныстырып өтті. Әрбір қызметкер өзінің міндетін біліп, жұмыс уақытын үнемді пайдаланып, өз ісіне жауапкершілікпен карауга шакырды.

**Шешімі:**

- 1.Балабақша топтары стандарт талаптарына сай жабдықталсын.
- 2.Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
- 3.Балалар өмірі мен денсаулығын қорғауға арналған қауіпсіздік ережелері сақталсын.
- 4.Ішкі еңбек тәртібі мен лауазымдық міндеттері бекітілсін.

Төрайымы:  Ш.Касымова

Хатшы:  К.Жолшиева

**Мақтаарал ауданы білім болімінің «Демеу» бобекжай балабақшасы  
ЖШС**

**Өндірістік кеңестің**

**№2 Хаттамасы**

**21.12.2022ж Қатысқандар-19**

**Күн тәртібінде:**

1. Отken кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жылу мәселесі
3. «Жана жыл!» мерекесіне арналған ертеңгіліктердің тоқтатылуы туралы.  
**1. Тыңдалды:** Балабақша менгерушісі Ш.Касымова бірінші мәселе бойынша сөз алды. Отken кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып отті. Балабақша топтары жабдықталуда. Ішкі еңбек тәртібі балабақша қызметкерлері лауазымдық міндеттері бойынша жұмыс атқарып жатқанын айттып отті.  
**2. Екінші мәселе бойынша балабақша шаруа менгерушісі А.Ұзақбай** сөз алды. Балабақшаның барлық топ бөлмелері жылы. Пеш жағушы күнделікті пештерді қадағалап отырады. Топтардың жылу мөлшері 22 с градустан аспауы керек, биыл ауа-райының суытуына байланысты кезекшілік үйімдастырылғанын, жылу мәселесі тәулік бойы қадағаланып отыр-деп сөзін аяқтады.  
**3** Ушінші мәселе бойынша б/б менгерушісі Ш.Касымова сөз алды. Жана жыл мерекесі жақындаған келесі жағдайда жеткізіледі: мәселенің барлық жерде жаңа жыл мерекесі тойланбайтынын, білім бөлімінен келген бұйрық бойынша ешқандай топ ішілік іс-шараларда, қызметкерлердің бас қосуы да болмайтынын түсіндіріп отті. Ең басты мәселе балалардың денсаулығы екенін, тазалық мәселесіне, сактық шараларын орындауга қатты мән беруді айттып отті.

**Шешімі:**

1. Откен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Балабакшадағы жылу мәселесі колға алынып, температура 21-22 градустан төмен болмасын.
3. «Жана жыл» мерекесіне арналған өртөнділіктер тоқтатылсын.

Төрайымы:  Ш.Касымова

Хатшы:  К.Жолшиева

**Мақтаарал ауданы адами әлеуетті дамыту болімінің «Демеу» бобекжай  
балабақшасы ЖШС**

Ондірістік кеңестің

№3 Хатттамасы

23.02.2023жыл.

Катысқандар-18

**Күн тәртібінде:**

1. Откен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Күннің екінші жартысында ойын- сауықтыруларды түрлендіру арқылы жаңдандыру- пікір алмасу.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтары бойынша қызметкерлердің білімін тексеру, төтенше жағдайлардағы персоналдың әрекеті.

**1.ТЫНДАЛДЫ:**Балабақша менгерушісі Ш.Касымова бірінші мәселе бойынша сөз алды. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып отті. Балабақша топтары жабдықталуда. Қауіпсіздік ережелері күнделікті қолға алынуда. Каантин талаптары сақталуда, кезекші топтар ережеге сай жұмыс жасауда. Балабақша қызметкерлері лауазымдық міндеттері бойынша жұмыс атқарып жатыр.

**2 ТЫНДАЛДЫ:**Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөзге шықты. Күннің екінші жартысындағы ойын-сауықтыруларды ойнату баланың физикалық дамуы жағынаң ғана емес, ой- қиял ұшқырлығын, логикасын дамытады. Дидактикалық ойындар, қимылды ойындар, сюжетті- рөлді ойындар да баланың ой –өрісін дамытады.Дидактикалық ойындарды ойнату арқылы балалардың қызығушылықтарын арттыру, тілдерін дамыту сөздік корларын молайту, дүниетанымын қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру барлығы ойын сауықтыруларды ойнату арқылы дамиды.Әрбір ойын ойнатылар алдын сол ойынның мақсатын үлгісін түсіндіріп оту қажет.

Дидактикалық ойындардың түрлері оте көп. Мысалы:

- 1.Заттық дидактикалық ойындар.

2. Үстел-үстінде ойнатылатын ойындар

3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Күнделікті күннің екінші жартысында ойын-сауықтыруларды дидактикалық, кимылды, үстел-үсті ойындарды қолдансақ мақсатымызға жетеміз деп-сөзін аяқтады.

**3 ТЫҢДАЛДЫ:** Ушінші мәселе бойынша балабакша мейірбикесі Ш.Угланова сөз сойледі. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жоніндегі нұсқаулықты балабақшаның барлық тәрбиешілері орындауга міндетті. Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жауап беретіні сіздерге мәлім. Тәрбиешілер баланың мінез-құлқы мен тәртібін режимін барлық сәтінде байқап отырулары тиіс. Балалардың балабакша ішінде, балабакша териториясынан тыс жерде жүріп-тұруы барысында, сондай-ақ оқытудың техникалық күралдарын (теледидар, компьютер және т.б) пайдаланған кезде қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, олардың балабакша аумагынан сыртқа кетуіне жол бермеу керек екені жөнінде айтып өтті. Бала өздігінен кетіп қалған жағдайда тәрбиеші жедел оны іздестіруге үйымдастырып, бұл туралы менгерушіге хабарлауы тиіс.

**Шешімі:**

1. Отken кеңестің шешімдері орындалсын.

2 Күннің екінші жартысын ойын- сауықтыруларды түрлендіру арқылы жандандырылсын.

3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтары бойынша қызметкерлердің білімі тексерілсін.

Төраймы:  Ш.Касымова

Хатшы:  К.Жолшиева

**Мақтаарал ауданы адами әлеуетті дамыту болімінің «Демеу» бөбекшай  
балабақшасы ЖШС**

**Өндірістік кеңестің**

**№4 Хаттамасы**

**25.05.2023 жыл**

**Катысқандар: 18**

**Күн тәртібінде:**

- 1 Жазғы сауықтыру кезіндегі балалар денсаулығын нығайту шаралары.
- 2 Іш ауруларының алдын - алу. Тұмаудан сактау. Медицина кеңестері.
- 4 Жазғы жөндеу жұмыстары туралы.

**1 ТЫҢДАЛДЫ:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы б/б менгерушісі Ш.Касымова сөзге шықты. Күннің екінші жартысындағы ойын-сауықтырулар, сюжетті ойындар, қымылды ойындар, дидактикалық ойындарды ойнатуды жалғастырамыз. Балалардың денсаулығына, өміріне мұқият қарау екені туралы айттып өтті.

**1 ТЫҢДАЛДЫ:** Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту шаралары жөнінде б/б менгерушісі Ш.Касымова, сөз сөйлемді. Жаз мезгілінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциялық, жеке тұлғалық, танымдық түрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасау үшін ересектердің (балабақша қызметкерлер мен ата-аналардың да) күшін жұмылдыру, біріктіру қажет. Жаз мезгілінде балалардың таза ауада болу ұзақтығы ұзарады, оку қызметінің саны қысқарады. Балалар өмірі мен тұлға қауіпсіздінің сақталуына жағдай жасау, түрлі аурулардың алдын-алу, жарақаттануды болдырмай керек деп атап өтті. Алдын-ала ойнайтын алаңды тексеріп алу керек. Жаз мезгіліндегі құммен ойнаған кезде тәрбиешілер басында тұрып қадағалаулары қажет. Күннің ыстық мезгілінде серуендергенде міндетті түрде балалар бас киім киолері керек екенін айттып өтті.

2 Екінші мәселе бойынша б/б медбикесі Ш.Угланова сөзге шықты. Іш ауруларының алдын-алу үшін медициналық кеңестер беріп өтті. Міндетті түрде балалар қайнаған су ішү керек. Балалар серуеннең, ойыннан соң тамақ ішер алдында бет- қолдарын жуу керек екенін айтты. Су ішү режимін сактау, гигиеналық нормаларды сактай отырып, балаларды серуен кезінде ауыз сумен қамтамассыз ету керек екенін түсіндірді.

Сөз сөйлегендер : б/б әдіскері Б.Маликова көзір жазғы кезде адамдар тұмау болып жатыр балаларды тұмаудан сактау керек ата аналарға ескерту жасау керек.

4 Келесі мәселе бойынша б/б шаруа менгерушісі А. Ұзақбай сөз сойледі. Жаз мезгілінің басында жазғы шатырлардың іші тазаланып, сырлап, әктелінсін. Топтар ішіндегі сынған орындықтар, үстелдер болса жөндеуден өткізілсін, бүлінген ыдыс-аяқтар тасталып, орнына жаңа ыдыс әкслетіні жайлыштып өтті. Гүлдер мен ағаштардың курал қалмауын бақылап отыру керек деп – сөзін аяқтады.

#### **ШЕШІМІ:**

- 1 Жазғы сауықтыру кезіндегі балалар денсаулығын нығайту шаралары қолға алынысын.
- 2 Медицина кеңестері ескеріліп, балалардың денсаулығына басты көңіл аударылсын.
- 3 Жазғы жөндеу жұмыстары қолға алынысын.

Төрайымы<sup>М</sup> Ш.Касымова

Хатшы<sup>Ж</sup> К.Жолшиева